



Фармацевтикалық қамқорлық.

Қабылдаған: Дошманова С.Д.
Орындаған: Жақсылықова Б.Е.
Курс: 3
Факультет: ФӨТ
Топ: 18-018-01

Жоспар:


- **1. Фармацевтикалық қамқорлық;**
- **2. Фармацевтикалық қамқорлықтың жүзеге асыру бойынша клиникалық фармацевтің функциялары;**
- **3. КЛИНИКАЛЫҚ ФАРМАЦЕВТІҢ МІНДЕТТЕРІ;**
- **4. Өзін-өзі емдеудің басты сипаттамасы.**

I. Фармацевтикалық қамқорлық.

- *Фармацевтикалық қамқорлық* деп провизордың (фармацевтің) пациенттің денсаулығын қамтамасыз ету және сырқаттанушылықты болдырмау жолындағы жасалатын іс-әрекеттерінің жиынтығын айтамыз.



Фармацевтикалық қамқорлық.



Көбінесе, фармацевт-провизор үшін фармацевтикалық қамқорлық көрсету рецептсіз препараттарды пациенттерге сату кезінде көрініс табады.

2. Фармацевтикалық қамқорлықтың жүзеге асыру бойынша клиникалық фармацевтің функциялары

- * дәрілік препараттың қандай симптомды емдеу үшін алынатынын анықтау;
- * бұл симптом міндетті дәрігерлік араласуды талап ететін аурудың көрінісі болып табылмайтынын анықтау (пациенттен сұрау негізінде);
- * осы симптомды емдеу үшін фармакологиялық (фармакотерапиялық) препараттар тобын анықтау;
- * белгілі бір топтағы дәрі - дәрмектердің ішінен осы пациент үшін жедел, әрі ешбір зиянсыз әсер ететән дәрі-дәрмекті таңдау.

- *Клиникалық провизор аурулардың кешенді дәрілік терапиясын жүргізу кезінде клиникалық фармакология, дәрілік препараттардың үйлесімділігі немесе сәйкессіздігі, препараттардың клиникалық тиімділігін бағалау әдістері, дәрілік заттардың жанама әсерінің қауіп факторларын болжау және алдын алу әдіснамасы және олардың біріктірілуі, сондай-ақ оларды түзетудің ықтимал әдістері бойынша жүйелі білімге ие. Клиникалық фармацевт өзінің білімін практикалық қызметтің әртүрлі салаларында жүзеге асыра алады: дәріхана мекемелерінде клиникалық провизор науқастарды фармацевтикалық қамқорлықпен қамтамасыз етеді: дәрі-дәрмектерді ұтымды қабылдау туралы кеңес береді, әсіресе рецептсіз босату және т.б.*

3. КЛИНИКАЛЫҚ ФАРМАЦЕВТІҢ МІНДЕТТЕРІ;

1. Науқастың проблемасын дұрыс бағалау, яғни науқас қандай дәрі ұсынатынын сұраған кезде немесе тағайындалмаған препаратты босатуды сұрағанда, фармацевт осы пациенттің денсаулығына қатысты нақты мәселені дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін толық мағұлмат алуы керек.

2. Пациентті рецептсіз дәрілік затпен қамтамасыз ету. Провизор дәрінің тиімділігін, қауіпсіздігін, сапасы мен қаржылық қолжетімділігін ескере отырып, рецептсіз дәрілік заттарды таңдау кезінде өзінің кәсіби білімі мен тәжірибесін барынша пайдалануы тиіс.



- **3. Пациентті одан әрі бақылауды қамтамасыз ету. Провизор пациенттің көмегімен препараттың тиімділігін бағалауы керек. Егер симптомдар белгілі бір кезеңнен кейін жоғалмаса, провизор пациентке дәрігермен кеңесуді ұсынуы керек және осы жайлы алғашқы дәрі аларда ескертуі қажет.**

4. Өзін-өзі емдеудің басты сипаттамасы.

Рецептісіз препараттарды қабылдау пациенттің өзін-өзі емдеуі болып табылады. Жалпы, *өзін-өзі емдеу* деп пациенттің өз жауапкершілігімен рецептісіз босатылатын дәрі-дәрмектерді қабылдау арқылы аурудың алдын алу немесе емдеу іс-әрекеттерін айтамыз.

Пациент пен провизор өзін-өзі емдеуге жауапты болғандықтан да ДДСҰ 1994 жылы «Жауапты өзін-өзі емдеу» деп атады.

Қорытынды

- *Қорытындылай келе, фармацевтикалық қамқорлық пен өзін-өзі емдеу адам денсаулығына тікелей әсер ететін үдерістер. Егер де пациенттің өзін-өзі емдеу кезінде провизор тарабынан фармацевтикалық қамқорлық жасалмаса, адам өміріне қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан әрбір пациенттің денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарап, атап өткен қағидаларды есте ұстағанымыз жөн.*